

Авиациялық-химиялық жұмыстарда және арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2004 жылғы 15 қарашадағы N 221 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 23 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3220. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 442 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.09.30 № 442 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Еңбектің қауіпсіздігі мен оны қорғау туралы", "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1182 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу мен бекіту ережелеріне және Мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтерді әзірлеу мен бекіту ережелеріне сәйкес, сондай-ақ авиациялық-химиялық жұмыстарда және арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөнінде қамтамасыз ету мақсатында, БҰЙЫРАМЫН: Қараныз K070000251, K090000193, P070000721

1. Қоса беріліп отырған Авиациялық-химиялық жұмыстарда және арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі ережені бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары Б.М.Наурызәлиевке жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

" К е л і с і л г е н "

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау вице-министрі

2004 жылғы _____ қараша

" К е л і с і л г е н "

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау
комитетінің төрағасы

2004 жылғы _____ қараша

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрлігінің Азаматтық авиация
комитеті төрағасының
2004 жылғы 15 қарашадағы
N 221 бұйрығымен бекітілген

Авиациялық-химиялық жұмыстарда және арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі ереже 1. Еңбек қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар

1. Авиациялық-химиялық жұмыстарда және арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі осы ереже (бұдан әрі - Ереже) өңделген сұйықтықтарды тасымалдаумен, қабылдаумен, сақтаумен, берумен, қолданумен, авиациялық кәсіпорындарда және азаматтық авиация ұйымдарында (бұдан әрі - ұйым) жинаумен байланысты авиациялық-химиялық жұмыстарды орындаған кезде техникалық қауіпсіздік, өндірістік санитария және еңбекті қорғау жөнінде негізгі ережені қамтиды.

2. Арнайы сұйықтықтардың қатарына (бұдан әрі - арнайы сұйықтықтар) әуе кемелерін және авиақозғалтқыштарды пайдалануда, жөндеуде және техникалық қызмет көрсетуде қолданылатын отын, органикалық ерітінділер, арнайы жуылатын мұзқатуға қарсы және кристаллизацияланған суға қарсы сұйықтықтық, сондай-ақ олардың компоненттері, органикалық емес қышқылдар және "Әуе кемесін ұшыруға дайындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 2673 нөмірмен нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеуінің Тіркелімінде тіркелген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 588 бұйрығымен белгіленген

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының әуе кемелеріне қолданылатын авиациялық отындар, майлар, жаққымайлар мен арнайы сұйықтықтар номенклатурасында көрсетілген басқа да арнайы мақсаттағы өнімдер енгізілген.

3. Барлық арнайы сұйықтықтар белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік-техникалық құжаттамаларда көзделген мақсаттарға ғана жұмсалуға тиіс.

4. Осы Ереженің және нақтық арнайы сұйықтықтармен жұмыстар орындауды реттейтін басқа да нормативтік құжаттардың негізінде ұйымдарда белгіленген тәртіпке сәйкес және жергілікті талаптарды ескере отырып, еңбекті қорғау жөніндегі ішкі нұсқаулықтар әзірленуге тиіс.

5. Арнайы сұйықтықтар зиян заттарға жатады және адамның ағзасына уытты б о л ы п т а б ы л а д ы .

6. Арнайы сұйықтықтардың немесе олардың құрамына кіретін компоненттердің уыттығы органдарға немесе адам ағзасының жүйелеріне зиян келтіру дәрежесімен айқындалады және арнайы сұйықтықтардың уытты ерекшеліктеріне сәйкес зиян заттардың сыныптарымен сыныпталады.

7. Арнайы сұйықтықтан залал шеккен адамның тәуекел дәрежесі:

1) олардың физико-химиялық ерекшеліктеріне (лездеме, еріткіш);
2) органың сыртқы талаптарына (ауаның температурасы мен ылғалдылығына);

3) арнайы сұйықтықтардың концентрациясына;
4) ауадағы булардың, газдардың концентрациясынан немесе арнайы сұйықтықтардың аэрокірнелеріне;

5) адамға олардың ықпал етуінің ұзақтығына;
6) ауада әрбір уыттының ықпалы басқаларға қарағанда күшейтілуі мүмкін булардың, газдардың немесе бірнеше арнайы сұйықтықтардың аэрокірнелердің б о л у ы н а б а й л а н ы с т ы .

8. Арнайы сұйықтықтар адамның ағзасына тыныс алу, асқазан-ішек тракты, булар, аэрокірнелер мен сұйықтықтар түрінде зардап шеккен және қорғау зарттар а р қ ы л ы т е р і г е т ү с е д і .

9. Арнайы сұйықтықтардың адамның ішкі ағзасына түскен кезде уланудың әртүрлі нысандары пайда болуы мүмкін, ал терінің жабындысына немесе көзге түске кезде арнайы сұйықтықтар тітіркендіргіш немесе жегідей жеу әрекеттері

ауырлықтың әртүрлі дәрежелерін көрсете алады.

10. Арнайы сұйықтықтардың көбісі жанар (атап айтқанда жанудың бөгде көздерінен: жалын, ұшқын, қызған дене) және жарылғыш (атап айтқанда, жарыла алатын әуе қоспасын жасайтын) басқа да заттармен араласқан кезде өздігінен жарылатын арнайы сұйықтықтардың сипаттамаларына сәйкес айқындалуы мүмкін.

11. Арнайы сұйықтардың өрт қауіпсіздігін сипаттау үшін мынадай көрсеткіштер қолданылады:

- 1) ауадағы булармен қаныққан жарылғыштың төменгі және жоғары температурасының шектері;
- 2) ауадағы булардың өздігінен жарылудың температурасы;
- 3) арнайы сұйықтықтардың өздігінен жану қабілеттілігі.

12. Жарылғыштың төменгі және жоғары температурасының шектері деп тиісінше жанудың бөгде көздерінен тұйық көлемде оның ауамен қаныққан булары жарыла алатын арнайы сұйықтықтың аса төменгі және аса жоғарғы температурасы аталады.

13. Өздігінен жарылудың температурасы деп булардың қоспасы ауамен тотығудың жылы реакциясының есебінен жарылатын аса төменгі температурасы аталады.

14. Сұйықтардың өз бетімен жануы қарапайым (16-20 °С) температурасымен ауада болатын тотығудың жылы реакциясының есебімен жүргізіледі және арнайы сұйықтықтың ауамен қатынасының алаңына тәуелді - арнайы сұйықтықтың ауамен жанасу алаңы көп болса, онда сұйықтықтың өздігінен жануы тезірек жүреді және ол жанады.

2. Өндірістік (техникалық) процестерге қойылатын талаптар

15. Авиациялық-химиялық жұмыстарда және арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде өндірістік процестердің қауіпсіздігі өндірістік процестерге талаптар белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді сақтаумен қамтамасыз етілуі тиіс.

16. Авиациялық-химиялық жұмыстарда және арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде, еңбекті ұйымдастыруда ерекше назарды оларды жұмыс орындарда

үнемі қолданғанға дейін ұйымның қоймасында арнайы сұйықтықтарды қабылдаудан технологиялық процестердің механизациялауына және автоматизацияларына аударған жөн.

17. Ұйымдар және оның құрылымдық бөлімшелерінде қолданылатын уытты, химиялық активтік және жарылғыш және өрт қауіпті заттардың тізбесі анықталуға тиіс.

18. Жұмыс орындарында және арнайы сұйықтықтарды сақтау орындарында осы заттармен жұмыс істеген кезде қауіпсіздік талаптарын сақтау туралы нұсқаулықты, плакаттарды және ескерту жазбаларын іліп қою қажет.

19. Арнайы сұйықтықтармен байланысты тиеу-түсіру жұмыстарды тиеу-түсіру жұмыстар кезінде еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативтік талаптарын қамтитын нормативтік актілерге (еңбекті қорғау жөнінде салалық ережеге, мемлекеттік стандартқа) сәйкес орындаған жөн.

20. Тиеу-түсіру жұмыстардың орындары қауіпсіздік белгілерінің талаптарын белгілейтін мемлекеттік стандарттарға сәйкес ("Ашық отты пайдалануға тыйым салынады", "Шылым шегуге болмайды" және тағы сол сияқты) қауіпсіздік белгілерімен жабдықталуға тиіс.

21. Арнайы сұйықтықтармен тиеу-түсіру жұмыстарын ыдыстың нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмегені, ыдыстың ақаулығы анықталған кезде, сондай-ақ таңбасы мен ескерту жазбалары болмаған жағдайда орындауға жол берілмейді.

22. Арнайы сұйықтықтарды тиеу, түсіру және сұрыптау жөніндегі қолымен жасалатын жұмыс кезінде мыналарға:

- 1) арнайы сұйықтықтар бар бумаларды арқада, иықта тасуға;
- 2) тұтыну, сондай-ақ көлік ыдысында арнайы сұйықтықтар бар бумаларды домалатуға, сүйреуге немесе лақтыруға жол берілмейді.

Нәзік, шыны бумалардағы арнайы алдын-ала олардың жарамды екеніне көз жеткізгеннен кейін жұмысшылардың торларда тасуға болады.

23. "Арктика", "Арктика ДГ", "Арктика-200" (бұдан әрі - "Арктика" сұйықтың), "ОСТАFLO EG" сұйықтықтардың ерітінділерін жасау осыған арнайы көзделген құрал-жабдықтардың немесе жуу машиналардың көмегімен жасаған жөн.

24. "Арктика", "ОСТАFLO EG" сұйықтықтарымен әуе кемелерін өңдеу әуе кемелеріне қызмет көрсету бойынша барлық басқа жұмыстарды аяқтағаннан кейін аса абайлықпен жүргізілу тиіс. Жұмысшы ұшақты өндеген кезде әуе астауы оның жағына шашылатын сұйықтықты ұшырмайтындай етіп тұруға тиіс.

25. Үй-жайдың ішінде кристаллизацияланған суға қарсы сұйықтықтармен жұмыс арнайы сұйықтықтардың сыңарларымен жұмысшылардың өзара қатынастарының болмауы мақсаттарында өртке қарсы құралдардың және ауаны соратын желдеткіш болған кезде технологиялық құрал-жабықтардың ең жоғары гермитизациясы кезінде орындалуға тиіс.

26. Гидрожүйелерді және гидроагрегаттарды "НГЖ-4", "НГЖ-5у", "АМГ-10", "АМГ-10Б" және "Гидроникойл FH 51" сұйықтықтармен жанармайды құюға және құйғанға дейін арнайы жанармайды құюшыларды пайдалана отырып, ж а б ы қ т ә с і л м е н жү р г і з у .

27. "НГЖ-4", "НГЖ-5у" сұйықтықтармен жұмыс істелетін өндірістік учаскелер олардың арасындағы ауа алмастыруға жол бермейтін басқа үй-жайлардан ш е т т е т і л у г е тиіс.

28. Ерітінділерді және жуғыштарды қолдана отырып орындалатын жұмыстарды ұйымдастырған кезде, нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алған, нормативтік құқықтық актілерді ескерген жөн.

29. Әуе кемелерін жуу қалдықтарды жинақтауға (шаюға) арналған жабдықтармен жабдықталған арнайы алаңдарда жүргізілуге тиіс.

30. Әуе кемелерін жуу құралдарды пайдалана отырып жуу, салалық нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес орындалуға тиіс.

31. Арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде, сұйықтықтарды еденге, арнайы киімге, жабдыққа шашыратпай немесе төкпей абайлықпен және ұқыптылықты сақтау қажет. Сұйықтық төгілген жағдайларда, төгілген жерлер осы Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген арнайы сұйықтықтар төгілген кезде үстіңгі бетін тазалау тәсілдеріне сәйкес тазалануға тиіс.

Апаттарды жою жөнінде жұмыстар ұйымның басшысы тағайындаған жауапты тұлғалардың бақылауында жүргізілуге тиіс.

3. Өндірістік құрал-жабдыққа қойылатын талаптар

32. Арнайы сұйықтықтарды қабылдауға, тасымалдауға, сақтауға, беруге және әуе кемелеріне толтыруға арналған өндірістік құрал-жабдықтар өндірістік процестерге және жұмыс орындарына қойылатын қауіпсіздіктің жалпы талаптарын белгілейтін мемлекеттік стандарттарға, сондай-ақ нақты өндірістік құрал-жабдыққа еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды қамтитын салалық нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес келуге тиіс.

33. Арнайы сұйықтықтарды пайдалануға (оның ішінде, арнайы сұйықтықтары бар бөшкелерді және басқа ыдысты ашу үшін) байланысты жұмыстарға арналған ыдыс, мүкәммал мен аспап соғылған кезде, ұшқындарды болдыртпайтын және статистикалық электрлерді жинамайтын материалдан жасалуға тиіс.

34. Арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде, статистикалық электрдің зарядтарды болдыртпайтын жерлендірілгіш құрылғылардың жарамдылығына ерекше мән берілуге тиіс.

4. Өндірістік үй-жайлар мен өндірістік алаңдарға (өндірістік үй-жайлардан тыс жерлерде орындалатын процестер үшін) қойылатын талаптар

35. Жұмыстарды орындау мен арнайы сұйықтықтарды сақтауға арналған аумақ және өндірістік үй-жайлар (ғимарат, құрылыс және тағы сол сияқты) еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативтік талаптарды қамтитын, нормативтік актілерге, сондай-ақ жұмысты жүргізу мен арнайы сұйықтықтарды сақтаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен аумаққа, өндірістік үй-жайларға және жұмыс орындарын ұйымдастыруға талаптар белгілейтін салалық нормативтік-техникалық құжаттарға (құрылыс нормаларға және ережеге, еңбекті қорғау жөніндегі салалық ереже) сәйкес жабдықталуға тиіс.

36. Арнайы сұйықтықтармен жұмыс жүргізілетін үй-жайлардағы қабырғалар оларды ластанудан тазалауға мүмкіндік беретін еденнен бастап кем дегенде 2 метр биіктікке жанбайтын материалдармен қапталуға тиіс. Есіктер екі жақтан жанбайтын затпен және оңай жуылатын материалдармен қапталуға тиіс.

37. Үй-жайлардың едені арнайы сұйықтықтар кірмейтін материалдардан жасалуға тиіс. Еденге арнайы сыйымдылыққа төгілген арнайы сұйықтықтарды

бұрып әкетуге арналған арықтар жасалуға тиіс, кейіннен оларды пайдаға жарату керек.

38. Арнайы сұйықтықтар қолданылатын үй-жайларды басқа өндірістік үй-жайлардағы жалпы ауыспалы желдеткіштерден жеке механикалық ауа соратын желдеткішпен жабдықтау керек.

39. Үй-жайларда жалпы алмасатын ауа соратын желдетпеден басқа ауаға зонттарды және ауаны борттық сору құрылғыларды орнату жолымен ванналардан, көптеген машиналардан және зиян заттарды шығаратын басқа көздерден жергілікті буларды сору және аэрокірнелерді орнату қажет.

40. Желдеткіштер жүйесі үй-жайлардың ауасында оларды қол жетімді шекті концентрациялардың аса зиян заттардың болмауын сенімді қамтамасыз етуге тиіс.

41. Құрамында бензол бар бөлшектерді, бояғыш лактар материалдарды кептіру үшін ауаны тартатын желдеткіштермен қосылған арнайы кептіргіш камераларын жабдықтаған жөн.

42. Жалпы ауыспалы ауаны тартатын желдеткіштерден басқа арнайы сұйықтықтарды тоғанақтау және қайта тығу үшін үй-жайды үй-жайлардың сыртына қосылатын қосымша апаттық желдеткіштермен жабдықтаған жөн.

Желдеткіш жабдық орындалуда жарылғыш қауіпсіздігі болуға тиіс.

43. Арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде жұмыс орындарының жарықтандырылуы қолданыстағы құрылыс нормаларының және ережелердің, сондай-ақ салалық нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

44. Қажет болуына қарай цехтар мен учаскелерді тиісті жүккөтергіштерді көтергіш-көліктік құралдармен жабдықтаған жөн. P090002117

45. Арнайы сұйықтықтарды қолдану кезінде тиеу-түсіру жұмыстары механизмдендірілген болуға тиіс, қолмен еңбекті пайдалануды шектеу қажет.

46. Барлық жұмысшылар үшін қол жетімді орындарда арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде жазатайым оқиға болған кезде бірінші көмек көрсету үшін, ұсынылатын құрамы осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде, бірінші көмек көрсету үшін дәрі қобдишаларын қою керек.

47. Арнайы сұйықтықтар пайдаланылатын цехтар мен учаскелерді телефонмен немесе басқа да жергілікті байланыспен және дабылмен ж а б д ы қ т а ғ а н қ а ж е т .

48. Ыдысты жанармай және жарылу қауіпі бар арнайы сұйықтықтар пайдаланатын үй-жайларда сақтауға жол берілмейді.

49. Цехтар мен учаскелерде сұйықтықтарды қайта айдау және құйып алу үшін қажетті арнайы сораптар болуға тиіс. Сифонды құру үшін ауызбен сору жолымен арнайы сұйықтықтарды құйып алуға болмайды.

50. Арнайы сұйықтықтар сақталатын және қолданатын үй-жайларды, сондай-ақ жұмыс орындарды таза және рет-ретімен ұстау керек. Ұдайы кезектің аяғында үй-жайларды жинау, жабдықтарға, едендерге және қабырғаларға тазалау жүргізілуге тиіс. Арнайы сұйықтықтардан газ шығарушы көздер жабық (тығындалған) болуға тиіс. Жанармай сұйықтықтардың қалдықтарын қоймаларға өткізу қажет. Пайдаланған ескі-құсқы нәрсені және басқа да сүрткіш материалдарды арнайы бөлінген жерлерге шығару керек. Жұмыс аяқталғаннан кейін үй-жай жабылады және оған бөгде тұлғалардың кіруіне болмайтын ш а р а л а р қ а б ы л д а н а д ы .

51. Арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеуге және оларды сақтауға арналған үй-жайларды электрмен жабдықтау жарылуы қауіпсіз болуға тиіс және электр жабдықтарының қауіпсіздік талаптарын белгілейтін салалық нормативтік құқықтық актілерге және нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес келуге тиіс.

52. Арнайы сұйықтықтар пайдаланылатын немесе сақталатын азаматтық авиация ұйымдарының объектілерінде Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құқықтық актіге, сондай-ақ салалық нормативтік техникалық құжаттамаларға сәйкес келетін өртке қарсы қатаң р е ж и м б е л г і л е н у г е т и і с .

53. Арнайы сұйықтықтармен қол жетімді жерлерде жұмысшылар үшін және олармен танысу қолайлығын ескере отырып, осы өндірістің нақты талаптарына сәйкес еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық болуға тиіс.

54. Цехқа кірген кезде көрінетін жерлердегі қабырғаларында, қоршауларында және жолдарда "Өртке қауіпті", "Шылым шегуге болмайды", "Оңай жанады"

деген және с.с. жазбаларды ілген жөн.

55. Арнайы сұйықтықтар бар қорларды жұмыс орындарында сақтауға оған бөгде тұлғалар кіре алмайтын арнайы бөлінген орындарда кезек ішіндегі технологиялық процестерді өткізу қажетті мөлшерлерде ғана рұқсат беріледі.

Арнайы сұйықтықтардың болуын және оларды пайдаланудың дұрыстығын бақылауды барлық жұмыс кезектің ішінде жүзеге асыру қажет.

56. Технологиялық процестермен көзделмеген арнайы сұйықтықтың таңбасыз ыдысын және арнайы сұйықтық туралы сыйымдылықты пайдалануға жол берілмейді.

5. Шығыс материалдарын, дайындамаларды, жартылай фабрикаттарын, дайын өнімді және өндіріс қалдықтарын сақтау мен тасымалдау тәсілдеріне қойылатын талаптар

57. Арнайы сұйықтықтар, көліктің осы түрлеріне қолданылатын тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдануы мүмкін.

58. Арнайы сұйықтықтар тасымалданатын ыдыс жарамды және герметикалық ж а б ы қ б о л у ғ а т и і с .

59. Шыныдан, фарфордан және полимерлік материалдардан жасалған нәзік, оңай жарылатын ыдысқа салынған сұйықтықтарды бос жерлер инерттік арнайы сұйықтықтармен орнатылған материалдармен толтырылған арнайы көліктік ыдыста (ағаш жәшіктерде, қоржындарда, бумаларда және тағы сол сияқты) т а с ы м а л д а у қ а ж е т .

60. Әрбір ыдыс орнында арнайы сұйықтық атауының ярлығы мен ыдысты таңбалауға және арнайы сұйықтықтарды сақтау талаптарына сәйкес тиісті ескерту жазбалары болуға тиіс.

61. Сұйықтықтарды түсіру кезінде алдын-ала олардың төгілмегеніне көз жеткізу қажет. Төгілген арнайы сұйықтықты мұқият жинау, ал ластанған жерді осы Ереженің 1-қосымшасында көзделген арнайы сұйықтықтар төгілген кезде үстіңгі беттерін тазалау тәсіліне сәйкес тазалау қажет.

62. Арнайы сұйықтықтарды көлікпен тасымалдау кезінде барлық ыдыс орындарын мұқият бекіту қажет.

Арнайы сұйықтықтарды азық-түлікпен, киім мүліктерімен немесе адамдармен тасымалдауға тыйым салынады.

63. Арнайы сұйықтықтарды тасымалдайтын автокөліктің жүргізушілері тасымалдайтын жүктің құрамдарымен және оларды қолдану кезінде еңбекті қорғау жөніндегі талаптармен танысулары қажет.

64. Ұйымның мекен-жайына келіп түскен арнайы сұйықтықтарды бірден қоймаларға өткізген жөн.

65. Арнайы сұйықтықтардың қабылдауын ұйымның басшысы тағайындаған тұрақты комиссия жүргізеді. Арнайы сұйықтықтарды қабылдау туралы қабылдау актісі жасалады.

66. Арнайы сұйықтықтардың қоймаларын жабық, жақсы желдетпеленген үй-жайларға орналастыру керек. Қоймаларды оқшауланған секцияларына немесе ұйымның аумағындағы оқшауланған қойма ғимараттарының жапсарластарына орналастыруға, сондай-ақ ыдыстың таңбалауын және арнайы сұйықтықтарды сақтау талаптарын сақтай отырып, ашық алаңдардағы асылмаларын сақтау талаптарын есекере отырып жол беріледі.

67. Қойманың қабырғаларын өңдеу үшін оларды оңай тазалауға мүмкіндік беретін материалдар пайдалануға тиіс. Едендердің үстіңгі жағы оңай жуылатын тең және тегіс және судың аққаны үшін ылди болуға тиіс.

68. Қойманың үй-жайы механикалық ауаны тартатын және табиғи ауа түрде кіретін желдетпесі болуға тиіс.

69. Қоймада арнайы сұйықтықтарды жарылғыш және өртке қауіпті концентрациялары пайда болатын заттарды, қоспаларды немесе буларды бөлектеп сақтауды қамтамасыз ететін сұрыптар немесе топтар бойынша араластыру керек.

70. Бөтелкелердегі, банкалардағы, бидондардағы арнайы сұйықтықтар жасаулы тартпаларда немесе стеллаждарда сақталуға тиіс.

Банкаларға, бөшкелерге, бидондарға ені бойынша кем дегенде екі талдан, ұзындығы бойынша - он бес талдан, стеллаждардың биіктігі бойынша - бір

қатардан аспайтындай, қатардарда - олардың арасындағы төсеуіштерімен екі қатардан аспайтындай жатқызылады.

71. Кішірек құйылатын тесіктері бар бөшкелер осы тесіктерді жоғары қаратып тартпаларға немесе стеллаждарға салуға мүмкіндік беріледі.

72. "НГЖ-4", "НГЖ-5у" сұйықтықтарды басқа арнайы сұйықтықтардан жеке жабық үлгідегі қойма үй-жайларында сақтаған жөн.

73. Қоймалар бойынша арнайы сұйықтықтардың орнын ауыстыру үшін арнайы арбалар мен механизацияның басқа да құралдарын пайдалану қажет.

74. Арнайы сұйықтықтарды сақтау жарамды, таңбаланған және пломбаланған ыдыста, резервуарда, сыйымдылықта сақтауға болады. Герметияланбаған ыдыс табылған кезде ақауды немесе қайта тығылған сұйықтықты жою жөнінде шаралар қабылданады. Арнайы сұйықтықтарды пломбаланбаған ыдыста, резервуарда, сыйымдылықта жіберуге жол берілмейді.

75. Ұйымның қоймаларындағы арнайы сұйықтықтарды тарату белгіленген кіріс-шығыс құжаттары бойынша қатаң есептегі өнім ретінде тұлғалармен жүргізіледі.

76. Пайдаланылған арнайы сұйықтықтарды пайдаланғанда бұрын пайдаланылатын сұйықтықтар сияқты сақтық шаралар сақталады.

Пайдаланылған сұйықтықтар арнайы сыйымдылықтарда жиналады, содан кейін кәдеге жаратылады немесе қайта реттеледі.

77. Пайдаланылған сұйықтықтар топтар, маркалар, сұрыптар бойынша жеке-жеке жиналуға тиіс. Пайдаланылған сұйықтықтарды араластыруға жол берілмейді.

78. Бөшкелерді, бидондарды және басқа да еріткіштердің және жуғыш ыдыстарын жуу, арнайы үй-жайларда немесе өрт қауіпсіз техникалық құралдарын пайдалана отырып, жекелеген жуу алаңдарында орындалады.

79. Ыдысты сақтауға арналған үй-жайларда арнайы сұйықтықтармен жұмыс жүргізуге жол берілмейді.

80. Еріткіштердің және жуғыштардың бос металл бөшекелер қоймадан және басқа да ғимараттардан және құрылыстардан 50 метрден кем емес қашықтықта орналасқан жекелеген ашық алаңдарында қақпақтары тығыздалып сақталуға тиіс .

81. "НГЖ-4", "НГЖ-5у" пайдаланылған сұйықтықтар ақшыл қаңылтырдан жасалған сыйымдылығы 20 литрлі құрғақ таза бидондарға немесе сыйымдылығы 100-200 литрлі құрғақ таза бөшекелерге салынады. Бидондар қақпақтарының ішіне жапсырмалар бекітіледі.

6. Өндірісте жұмыс істейтіндердің еңбек және демалыс режимі

82. Арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде еңбек және демалыс режимдері Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына, сондай-ақ әрбір өндірістің нақты талаптарына, өндірістік қызметтің сипатына және жұмысшылардың жұмыс істеу жағдайларының серпініне сәйкес белгіленеді .

83. Гигиеналық нормативтер арттырған жағдайларда арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеуге жеке қорғалатын құралдарды пайдалану кезінде немесе зиян заттардың ықпал ету уақыты қысқарған кезде - уытты қорғаумен мүмкіндік б е р і л е д і .

Жұмыс кезегіндегі зиян химиялық заттармен қатынастарына жол жіберілген уақытын айқындау ұйымның басшысының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелері жүргізеді.

7. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері жөнінде қызметкерлерді кәсіби іріктеу мен олардың білімдерін іріктеу мен тексеруге қойылатын талаптар

84. Арнайы сұйықтықтар жұмысшылардың алдын-ала және кезеңдік медициналық куәландыруды көздейтін және "Меншік және шаруашылықтың әртүрлі нысандағы ұйымдарда аса қауіпті жағдайларда жұмыстарды өндіру кезінде нарядтарды-кіруді рәсімдеу және қолдану жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік-құқықтық актілері мемлекеттік тіркеуінің Тізілімінде N 769 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1998

жылғы 4 қыркүйектегі бұйрығына сәйкес жұмыстарды жүргізу кезінде кіруді (нарядты) рәсімдеуді көздейтін жұмыстарды қауіпсіз орындау кәсіптік жарамдылығын белгілейтін кәсіптік талдаудан өтуге тиісті. V090005898

85. Ұйымдар мен олардың құрылымдық бөлімшелеріндегі тиісті басшыларға арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеуге, оларды қоймалардан алуға және тасымалдауға жіберілетін лауазымды тұлғалардың тізбесін айқындайды.

86. Арнайы сұйықтықтармен жұмысқа 18 жасқа толмағандар жіберілмейді.

87. Арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеуге жүкті және емшектегі балалары бар әйелдерді жіберуге тыйым салынады.

88. Барлық жұмыс істейтіндер мамандығы бойынша біліктілік сипаттағы талаптарының көлемінде және арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде қауіпсіздік талаптарына қатысты кәсіби оқыту бағдарламаларына сәйкес кәсіби-техникалық дайындықтан өту керек.

89. Ұйым басшысының шешімі бойынша еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде қосымша іс-шараларды өткізуді талап ететін арнайы сұйықтықтарды жекелеген бір рет пайдаланылатын жұмыстарды орындау наряд-кіру бойынша жүзеге асырылады.

90. Білімдерін қайталап тексеру 12 айда бір реттен кем емес жүргізіледі.

91. Жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамалықтар үш айда бір реттен кем емес жүргізілуге тиіс және нұсқамалықтарды жүргізетін жұмысшылардың білімдерін тексерумен аяқталады.

92. Қанағаттандырылмайтын білімдерін көрсеткен тұлғалар өз бетімен жүргізілетін жұмысқа жіберілмейді және түсіндірмелерден қайта өтуге және білімдерін тексеруге тиіс.

8. Қызметкерлерді арнайы киімдермен, арнайы аяқ киімдермен және басқа да жеке қорғалатын және қорғау құралын қолдану бойынша құралдармен қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

93. Зиян немесе қауіпті еңбек талаптарындағы жұмыстарда және арнайы сұйықтықтармен жұмыс істейтін жұмысшылар жеке қорғалатын құралдармен қамтамасыз етілуге тиіс.

94. Ұйымның басшысы жұмысшыларға берілген арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің және басқа да жеке қорғалатын құралдардың сақталуын, уақтылы жууын, дезинфекциялануын, газсыздандырылуын және жөндеуін, сондай-ақ оларды белгіленген мерзімдерде тексерілуін қамтамасыз етуге тиіс.

95. Ұйымның басшысы олар берген арнайы киімдерді, арнайы аяқ киімдерді және басқа да жеке қорғалатын құралдарды шын мәнінде пайдаланатынына тексерулер жүргізуге тиіс.

96. Жұмысшыларға арнайы киімдерді, арнайы аяқ киімдерді және басқа да жеке қорғалатын құралдарды алған кезде, белгіленген тәртіппен оларды пайдалану және оларға күтім жасау ережелері туралы нұсқамалықтар берілуге тиіс.

97. Арнайы киімді сақтау және кептіру үшін арнайы үй-жайлар жабдықталуға тиіс. Арнайы киім жеке жабылатын шкафтарда сақталады. Арнайы киімді және жеке киімді бірге сақтауға жол берілмейді.

98. Арнайы сұйықтықтармен жұмыс жүріп жатқан үй-жайларда тамақты сақтауға және тамақтануға, сондай-ақ шылым шегуге тыйым салынады.

99. Суды (немесе басқа да ішетін сұйықтықты) ішер және шылым шегудің алдында қолды, бетті сабындап ыстық сумен жуу, ауызды шаю қажет.

100. Тамақтану алдында (тамақтану бөлмесінде және асханада) арнайы киімді шешу, қолды және бетті сабындап сумен жуу, ауызын шаю қажет.

101. Жұмыс процесінде арнайы сұйықтықтардың микроскопиялық химиялық қоспаларының тітіркенгіштік әрекеттерін болдырмау мақсатында терінің ашық учаскелері бетке, мойынға, қол білезігіне, және басқа, сондай-ақ көздің сілемейлі қабықтарына, мұрынға және оларды ауыз қуысына қол тигізуге және уқалауға болмайды.

102. Арнайы сұйықтықтардың әсерінен қол терілерін сақтау үшін қорғаушы құрамдарды (5 граммға дейінгі бір реттік шығыстар) қолданған мақсатты.

103. Жұмыс аяқталғаннан кейін арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және басқа да жеке қорғалатын құралдарды шешу, оларды гардеробқа ілу және жылы душқа түсіп алу қажет.

9. Авариялық жағдайлардағы еңбек қауіпсіздігінің талаптары

104. Денсаулыққа немесе жеке қауіпсіздігіне зиян келтіретін еңбекті қорғау талаптарының бұзушылығы анықталған жағдайда, жұмыс істейтін ол туралы жұмыс жетекшісіне хабарлауға тиіс. Зиянды жойғанға дейін жұмысты тоқтату және қауіпті аймақтан кету қажет.

105. Жазатайым оқиға болған жағдайда уланғанда, аяқасты сырқаттанғанда улануды сипаттайтын және арнайы сұйықтықтармен күйіп қалу белгілерін және осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес бірінші көмек көрсету жөнінде шараларды ескере отырып, зардап шеккенге бірден бірінші көмек көрсету қажет, содан кейін дәрігерді шақыру немесе зардап шеккенді дәрігерге апару, содан кейін болған оқиғаны басшыға хабарлау керек.

106. Өртті және жану белгілерін (түтінді, ысты, температура көтерілгенді және тағы сол сияқты) байқаған кезде бірден бұл туралы өрт күзетіне белгіленген тәртіппен хабарлау қажет.

107. Өрт күзеті келгенге дейін адамдарды, мүлікті эвакуациялау жөнінде шаралар қабылдау және өрт сөндіруге кірісу қажет.

108. Жұмысшылар өрт күзеті бөлімшелерімен кездесу ұйымдастыру және өрт ошағына кіру үшін қысқа жолды таңдауға көмек көрсетулері қажет.

109. Жұмыс істейтін жеке құрамды қамтамасыз ету үшін жақын жердегі немесе тікелей өрт ошағындағы қауіпті (жарылу қауіпі бар), жарылғыш, қатты әсер ететін улы заттардың бар екені туралы қажетті мәліметтерді өрт сөндіруге тартылған өрт күзетінің бөлімшелеріне хабарлау қажет.

110. Жұмысшылар өртті сөндірген кезде өрт күзетіне көмек көрсетулері қажет

Авиациялық-химиялық жұмыстарда
және арнайы сұйықтықтармен
жұмыс істеген кезде техникалық
қауіпсіздік және еңбекті қорғау

жөніндегі ережеге 1-қосымша

**Арнайы сұйықтықтарды төгіп алған
кезде тазалау тәсілдері**

Сұйықтықтардың атауы	Е д е н г е төгілгенде	Құралдарға төгіп алу
Сұйықтықтар: "Арктика", "Арктика-200", "Арктика- ДГ", "ОСТАFLO EG", "СТ2", фенол креолині, ПВК- сұйық- тығы "И", этил спирті (бас фракциясы), этилцеллозольв	Құм немесе жоң- ғақтар арқылы жинау, ластан- ған орынды көп мөлшердегі су- мен жуу, жоңғақ- тарды қауіпсіз жерге көміп тастау	Ескі-құсқы нәрсемен жинау, ластанған үстіні көп мөлшердегі сумен жуу және құрғатып сұрту
Жуу құралдары: "Аэрол", "Вертолин-74" "МС-8", "МС-15", "Полинка", "Синвал", "Демос", моно- этаноламин, триэтаноламин	Қалақша немесе ескі-құсқы нәрсемен жинау, ластанған орынды сумен жуу	Ескі-құсқы нәрсемен жинау, ластанған үстіні сумен жуу және құрғатып сұрту
Ацетон, бензол, бензин "Б-70", бензин (марка БР-1, БР-2) бутилацетат, "АМ-70/10" сұйықтығы, аваиациялық керосин (ТС-1), тас көмірлі ксилол, Нефрас-С 50/170, ПВК-сұйық- тықтары: "И-М", еріткіштер: "Р-4", "Р-5", "Р-6", "Р-40", "РКБ-1", "645", "646", "647", "648", "550", "651", "Сольвент", жуып тастау "СД (СП)", спирттер: бутил, изобутил, изопропил, метил, этил (техникалық, тазартылған "А" маркасы), толуол, трихлорэтилен, уайт-спирит, этилацетат	Құм мен жоңғақ- тар арқылы жинау, Ластанған орынды қысылған ауамен үрлеп шығу, жоңғақтарды қауіпсіз жерде жағып тастау, құмды көміп тастау	Ескі-құсқы нәрсемен жинау, ластанған үстіні қысылған ауамен үрлеп шығу, ескі-құсқы нәр- сені қауіпсіз жерде жағып тастау
"АФТ- 1"»жуғышы	Құм немесе жоң- ғақтар арқылы жинау, ластан- ған орынды "Б-70" бензині- мен жуып шығу және қысылған ауамен үрлеп	Ескі-құсқы нәр- семен жинау, ластанған үстіні "Б-70" бензи- німен жуып шығу және қысылған

	шығу, жоңғақ-тарды қауіпсіз жерде жағып тастау	ауамен үрлеп шығу
Метиленхлорид, "АС-1" жуғышы, "СНБ-9» жуғышы	Құм немесе жоңғақтар арқылы жинау, ластанған орынды қысылған ауамен үрлеп шығу, құмды (жоңғақтарды) көміп тастау	Ескі-құсқы нәрсемен жинау, ластанған үстіні қысылған ауамен үрлеп шығу, ескі-құсқы нәрсені көміп тастау
Олеин қышқылы ("Б" және "В")	Қырғыш арқылы жинау, ластанған орынды "Б-70" бензинімен жуып шығу және қысылған ауамен үрлеп шығу	Ескі-құсқы нәрсемен жинау, ластанған үстіні қысылған ауамен үрлеп шығу және "Б-70" бензинімен жуып шығу
Қышқылдар: азот, тұз, күкірт	Асбест арқылы жинау, ластанған орынды абайлап көп мөлшердегі сумен жуу, одан кейін кальцийленген соданы себу, асбестті көміп тастау	Асбест арқылы жинау, абайлап сумен жуу және қаныққан кальцийленген соданың су еріткішімен бейтараптандыру

Авиациялық-химиялық жұмыстарда және арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау

жөніндегі ережеге 2-қосымша

Арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде бірінші көмек көрсету үшін дәрі қобдишасының ұсынатын құрамы

Атауы	Саны
1. Ағылшын тұзы	200 г
2. Бинт (стерильдік) 100 мм x 5 м	5 дана
3. Бор қышқылы, 3 проценттік еріткіш	200 мл
4. Мақта (хирургиялық) стерильдік	100 г
5. Көз ваннасы	1 дана
6. Глауберов тұзы	200 г
7. Жеке таңу пакеті0	3 дана
8. Йод, ампуладағы спирт еріткіші	30 ампула

9. Күйген магнезия	150г
10. Вишне夫斯基 жақпамайы	100 г
11. Марганецқышқыл калий	10 г
12. Мензурка (дәрілір беру үшін)	1 дана
13. Сабынды су	2 л
14. Натр қос көмір қышқылы (ауыз су содасы)	150 г
15. Күйдіргіш натр, 1 проценттік еріткіш	2л
16. Ампуладағы нашатыр спирті	10 ампула
17. Асқын оксидтер су тегі, 3 проценттік еріткіш	50 г
18. Көз пипеткасы	2 дана
19. Сульфат мысы	200 г
20. Термометр	1 дана
21. Асқазанды тазалау үшін көмір	200 г
22. Эфир - валериан тамшылары	25 г
23. Этил спирті, 76 проценттік еріткіш	200 г
24. Таңу және басқа да қосалқы материалдар (бинт, стерильдік бинт, серпімді бинт)	2 орамадан

Авиациялық-химиялық жұмыстарда және арнайы сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі ережеге 3-қосымша

Улану және арнайы сұйықтықтардан зардап шегу белгілері мен бірінші көмек көрсету жөнінде шаралар

Арнайы сұйықтық	Улану және зардап шегу белгілері	Бірінші көмек
Жұмыс сұйықтығы		
"АМГ-10", "АМГ-10Б" майы АМ-70/10 сұйықтығы	Теріге түскен кезде - қызару, қышу, күйдіру. Сұйықтық көзге түскен кезде - кенеттен ауру, қызару, көз жасының ағуы	Сұйықтықты теріден бензинге матырылған мақта тығынымен сүрту, содан кейін зардап шегілген жерді сабындап сумен жуу. Көзді көп мөлшерлі сумен жуу
	Теріге түскен кезде - қызару, қышу, күйдіру.	Зардап шегілген жерді сабындап сумен жуу. Көзді көп мөлшерлі сумен жуу, қажет болуына қарай дәрігерге бару. Асқазан-ішек трактына түскен кезде -

"Гидроникойл 51" сұйықтығы	Сұйықтық көзге түскен кезде - кенеттен ауру, қызару, көз жасының ағуы	құсу құралдарын пайдалануға болмайды. Әдетте ерекше шаралар қолдану қажет емес. Бүмен демалғанда - зардап шеккенде таза ауаға шығу
"НГЖ-4" және "НГЖ-5у" сұйықтықтары	Дем алғанда - мас болу, қиын жағдайларда - есінен тану. Теріге түскен кезде - кенеттен қызару, күю	Зардап шеккенді таза ауаға шығару, қатты уланғанда - жасанды тыныс алуын жасау. Сабындап жылы сумен немесе 1 литр суға кір жуғыш ұнтағының су ерітіндісімен жуып жіберу. Теріні содамен тазалауға тыйым салынады
<i>Техникалық жуу құралдары</i>		
Жуу құралдары: "Аэрол"; "Вертолин-74"; Олеин қышқылы; МС-8.МС-15; "Полинка"; "Синвал"; триэтаноламин	Теріге түске кезде - қызару, күю. Көзге түскен кезде - қызару, көз жасының ағуы, ауырсыну. Ж о ғ а р ы концентратталынған булармен демалғанда - мас болу, тепе-теңдігін жоғалту.	Зақымданған жерлерді сабындап жылы сумен жуу. Көзді көп мөлшерлі сумен жуып шығу. Зардап шеккенді таза ауаға шығару
Фенольдық тас көмірлі креолин; моноэтаноламин; СТ-2 сұйықтық концентраты	Теріге түскен кезде - қызару, қышу, күю. Көзге түскен кезде - қызару, кенеттен ауру, көз жасының ағуы. Булармен демалғанда - бас ауыруы, бас айналуы, құлақта шу естілуі. Ішке түскен кезде - лоқсу, құсу, іш ауруы, селкілдек	Зақымдалған жерді сабындап жылы сумен жуып жіберу. Көзді көп мөлшерлі сумен жуу. Зардап шеккенді таза ауаға шығару. Қатты уланғанда - жасанды тыныс алуын жасау. Ішке түскенде - асқазанды глаубер тұзымен (1 литрге 30 грамм су) жылы сумен жуып
<i>Жуғыштар</i>		
Жуғыштар: "А С - 1 " ;	Теріге түскен кезде - күю, ауырсыну, қызару. Булармен демалғанда - бас ауруы, мас болу, тепе-теңдігін жоғалту.	Сұйықтықты мақта тығынымен алып тастау, жылы сумен сабындап жуу. Зардап шеккенді таза ауаға шығару, қою шай немесе кофе беру.

"АФТ-1"; "СНБ-9"	Қиын жағдайларда - локсу, құсу, дем алудың бұзылуы, естен тану	Қатты уланғанда - нашатыр спиртін иіскету, жасанды тыныс алуын жасау, жылылап жабу
"СД (СП)" жуғышы	Теріге немесе көзге түскенде - кенеттен ауырсыну. Булармен демалғанда - ас ауруы, ұйқышылдық, шаршау. Жоғары концентрация- ланған булармен де- малғанда - естен тану, тыныс алуының тоқтауы	Көзді немесе терінің жерлерін жылы сумен немесе 2 проценттік ауыз содасының ерітіндісімен жуу. Зардап шеккенді таза ауаға шығару. Валериан тамшыларын беру. Қатты уланғанда - нашатыр спиртін иіскету, жасанды тыныс алуын жасау, жылылап жабу. Тыныс алуы өз орнынан түскенде қою шай немесе кофе беру. Адреналинді қолда- нуға болмайды
<i>Еріткіштер</i>		
Ацетон	Парлармен демалғанда және ішке түскен кезе - бас айналымы, мас болу, әлсіздік, ж ө т е л у . Қиын жағдайларда - локсу, құсу, көз жасының ағуы, асқазан ауруы	Зардап шеккенді таза ауаға шығару, нашатыр спиртін иіскету, қою шай немесе кофе беру, жылылап жабу
Бензин Б-70; бензин (БР-1, БР-2 маркасы); нефрас-С; уайт-спирит	Булармен дем алғанда - қозу, мас болу, бас айналымы, бас ауруы. Жоғары концентратта- лынған булармен дем алғанда - дем алуының бұзылуы, естен тануы. Ішке түскенде - құсу, іш ауруы. Көзге түскенде - күй, ауырсыну	Зардап шеккенді таза ауаға шығару, вале- риен тамшыларын беру. Қатты уланғанда - жасанды тыныс алуын жасау, қою шай және кофе беру, жылылап жабу. Ішке түскенде - асқазанды сумен жуу, белсендіріленген көмірді беру. Көзді 2 проценттік ауыз содасының еріткішімен жуу

Бензол	<p>Булармен дем алғанда - бас ауруы, бас айналымы, қозу, лоқсу.</p> <p>Қиын жағдайларда - әлсіздену, тері жабылғыларының бозаруы, алқыну, мұрыннан қан кету, дем алудың бұзылуы, естен тануы, дірілдеу.</p> <p>Ішке түскенде - ауыздың күйі, асқазан аймағының ауырсынуы, құсу, бас ауруы</p>	<p>Зардап шеккенді таза ауаға шығару, нашатыр спиртін иіскеуге беру, жасанды тыныс алуын жасау, жылылап жабу.</p> <p>Ішке түскенде асқазанды сумен жуу, белсендендірілген көмір беру</p>
Бутилацетат; этилацетат	<p>Теріге түскенде - күйю, қызару.</p> <p>Көзге түскенде - кенеттен ауырсыну, көз жасының ағуы.</p> <p>Булармен дем алғанда - жөтелу, бас айналымы, лоқсу, құсу, дем алудың бұзылуы</p>	<p>Сұйықтықты мақта тығынымен алып тастау және терінің зақымданған жерін сабындап жылы сумен жуу. Көзді көп мөлшерлі сумен жуу.</p> <p>Зардап шеккенді таза ауаға шығару, қиын жағдайларда - жасанды тыныс алуын жасау, асқазанды жуу</p>
Авиациялық, жарық беретін, техникалық керосин:	<p>Жоғары концентратталынған булармен дем алғанда - бас айналуы, бас ауруы, қозу, сәл мас болу</p>	<p>Зардап шеккенді таза ауаға шығару, валириан тамшыларын беру</p>
Тас көмірлі ксилол	<p>Парлармен дем алғанда - бас айналымы, әлсіздік, ұйқышылдық.</p> <p>Қиын жағдайларда - мұрыннан қан кету.</p> <p>Берекесіздік немесе тыныс алуының тоқтауы, естен тану.</p> <p>Көзге тигенде - кенеттен ауырсыну, көз жастарының ағуы.</p>	<p>Зардап шеккенді таза ауаға шығару, валириан тамшыларын беру және нашатыр спиртін иіскеуге беру.</p> <p>Қиын жағдайларда - жасанды тыныс алуын жасау, оттекті беру; дем алуы қалпына келгеннен кейін қою шай немесе кофе беру.</p> <p>Көзге түскенде - көп мөлшерлі сумен немесе 2 проценттік ерітілген ауыз содасымен жуу</p>
	<p>Дем алғанда - бас ауруы, әлсіз және сирек тамыр соғуы,</p>	<p>Зардап шеккенді таза ауаға шығару.</p>

<p>Метиленхлорид</p>	<p>тыныс алуының бұзылуы. Қиын жағдайларда - құсу, тыныс алуының тоқтауы, естен тану. Ішке тигенде - іш аумағындағы ауырсыну, құсу.</p>	<p>Қиын жағдайларда - жасанды тыныс алуын жасау, жылылап жабу. Ішке тигенде - асқазанды сумен, белсендірілген көмірмен жуу, 0,5 грамм сульфат мысын беру</p>
<p>Метилхлорформ ("Б" марка)</p>	<p>Дем алғанда - жөтел. Жоғары концентрациялармен дем алғанда сәл мас болу, бас айналуы. Көзге тигенде - көз жастарының ағуы.</p>	<p>Зардап шеккенді таза ауға шығару, валериан тамшысын беру. Көзді көп мөлшердегі сумен жуу</p>
<p>Еріткіштер мен сұйытқыштар: "Р-4", "Р-5", "Р-65", "Р-7", "Р-40", "РКБ-645", "646", "647", "648", "650", "651", "Сольвент"</p>	<p>Көзге тигенде - кенеттен ауырсыну, көз жастарының ағуы. Теріге тигенде - әлсіз күй. Булармен дем алғанда бас ауруы, бас айналымы, жөтел, лоқсу. Қиын жағдайларда - құсу, тыныс алуының бұзылуы, естен тану.</p>	<p>Көзді көп мөлшердегі сумен жуу. Сұйықтықты мақта тығынымен алып тастау және терінің зардап шеккен жерлерін сабындап жылы сумен жуу. Зардап шеккенді таза ауаға шығару, қою шай немесе кофе, валериан тамшысын беру, жылылап жабу. Қиын жағдайларда - жасанды тыныс алуын жасау</p>
<p>Спирттер: бутил, изобутил, изопропил</p>	<p>Жоғары концентрациялармен дем алғанда көз жасының ағуы, жөтел, лоқсу, құсу, көру функциясының бұзылуы (қос көрінуі). Қиын жағдайларда - сандырақ, естен айырылу, тыныс алуының бұзылуы. Ішке түскенде - лоқсу, құсу, кейде іштің аймағындағы ауырсыну</p>	<p>Зардап шеккенді таза ауға шығару, қиын жағдайларда - жасанды тыныс алуын жасау. Көз тітіркенгенде - оларды 3 проценттік ерітілген бор қышқылымен жуу. Ішке түскенде - асқазанды сумен жуу, белсендірілген көмір беру.</p>
	<p>Жоғары концентрациялармен дем алғанда -</p>	<p>Теріге түскенде зардап шеккен жерлерді</p>

<p>Метил спирті (метанол)</p>	<p>бас ауруы, лоқсу, тері жабындыларының бұзылуы. Мас болмайды. Ішке түскенде - іш аймағының қатты ауырсынуы, көрудің бұзылуы, құсу, тітіркену, тыныс алуының бұзылуы, естен тану. У - 10 мл. ішке түскенде өмірге қауіпті мөлшер</p>	<p>көп мөлшердегі сумен жуу. Ішке түскенде - асқазанды сумен жуу, белсендірілген көмір беру. Ішке түскенін байқағанда немесе бірінші белгілерде дереу медициналық көмек шақыру</p>
-------------------------------	---	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК